

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 мамырдағы N 346 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамет Қабиденұлы Ертісбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум

(Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі,

өзара ынтымақтастықты нығайту мен дамыту қажеттілігіне негізделі отырып,

Тараптар мемлекеттері арасындағы достық қатынастарды нығайтудың маңыздылығын тани отырып,

мәдени ынтымақтастықтың Тараптар мемлекеттері арасындағы достық қатынастарды дамыту мен нығайтуға және өзара түсіністікке қызмет ететініне сенімді бола отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары арасында мәдениет саласындағы ынтымақтастық пен өзара алмасуларды Тараптар көтермелейді.

2-бап

Тараптар екі жақты шарттардың негізінде Тараптар мемлекеттерінің мәдени өмірі туралы, оның ішінде Тараптар мемлекеттерінде өткізілетін халықаралық іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасады және екі ел өкілдерінің осындай мәдени іс-шараларға қатысуын көтермелейді.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық кітапханалары, мұражайлары арасындағы ынтымақтастықты Тараптар көтермелейді және өзара мүдделі салаларда жарияланымдармен және сарапшылармен алмасады.

4-бап

Тараптар археология, мәдени мұра объектілерін қорғау және сақтау, зерттеу және қалпына келтіру салаларында ынтымақтастықты дамытады, сондай-ақ тиісті салалардағы жарияланымдармен және сарапшылармен алмасады.

5-бап

Тараптар опера және балет, театр, музыка салаларында ынтымақтастықты дамытады, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес музыкалық және театр топтарымен өзара алмасуды қолдайды.

6-бап

Тараптар кітаптармен, мерзімді басылымдар және мәдениет пен өнер саласындағы басқа да жарияланымдармен өзара алмасу арқылы түрлі салалардағы ынтымақтастықты дамытады, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттерінде өткізілетін халықаралық кітап көрмелеріне өзара қатысуды көтермелейді.

7-бап

Тараптар екі жақты шарттардың негізінде қолданбалы және бейнелеу өнері, сондай-ақ халық шығармашылығы саласындағы көрмелер алмасуды қолдайды.

8-бап

Тараптар кинематография саласында ынтымақтасады және Тараптар мемлекеттерінде өткізілетін кинофестивальдер уақытында делегациялар және фильмдер алмасуға жәрдемдеседі.

9-бап

Тараптар ЮНЕСКО мен Тараптар мемлекеттері бір уақытта мүшелері болып табылатын басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес мәдениет саласындағы ынтымақтастықты дамытады.

10-бап

Осы Меморандумның ережелерін орындау мақсатында Тараптар мәдени алмасуды өткізудің қаржылық шарттары айтылатын нақты іс-шаралар бойынша іс-қимыл бағдарламаларын жасасуға келісті.

Тараптар, осы Меморандумның ережелеріне сәйкес екі тараптың мүдделі мекемелері тиісті салаларда Тараптар мемлекеттерінің әріптестерімен жекелеген бағдарламалар мен келісім-шарттар жасасатындығына келісті.

11-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша, осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Меморандум ережелерін өзгерту немесе оның әрекет етуін тоқтату, олар толық аяқталғанға дейін оның әрекет етуі кезеңінде жасалған шарттар (келісім-шарттар) бойынша жобалардың орындалуына ықпал етпейтін болады.

12-бап

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және егер Тараптардың бірде-біреуі өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жолдамаса, белгісіз мерзімге жасалады. Осы жағдайда Меморандум Тараптардың бірі басқа Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алғаннан кейін алты айдан соң өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

Осы Меморандум қатысушылары Тараптар болып табылатын басқа да халықаралық

шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

200 ____ жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Египет Араб Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК